



## БҰЙРЫҚ

21.02.2020ж

Түркістан қаласы

## ПРИКАЗ

№ 58  
город Туркестан

### «Банкроттықты басқарушыны тағайындау туралы»

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 15 бабының 2 тармақшасына сәйкес, Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 22.01.2020 жылғы «Justice INC» ЖШС банкрот деп тану туралы шешімінің және 17.02.2020 жылғы кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Justice INC» ЖШС (БСН:161040022966) банкроттықты басқарушысы болып Нурлан Маратович Таханов тағайындалсын.

2. Банкроттықты басқарушы Н. Таханов Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурызындағы №176-V «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Берешектермен жұмыс басқармасының басшысы Т. Алиевке жүктелсін.

**Негіздеме:** Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 22.01.2020 жылғы «Justice INC» ЖШС банкрот деп тану туралы шешімі және 17.02.2020 жылғы кредиторлар жиналысының хаттамасы.

Басшы

Д. Нурмулдин